

Бір жолғы талон ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 112 шешімі. Ақтөбе облысының Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 24 ақпанда № 3-11-56 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 27.03.2013 № 86 шешімімен.

Ескерту. Тақырыбқа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2009.07.17 № 147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан **к а р а ң ы з) **ш е ш і м і м е н .****

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңын (Салық Кодекcін) күшіне енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңының 36 бабына сәйкес **аудандық мәслихат** **Ш Е Ш І М** **Е Т Е Д І :**

1. Аудан бойынша бір жолғы талонмен жұмыс жасайтын жеке тұлғаларға берілетін талондар құнының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 15 наурыздағы XXIII сессиясының " Жеке тұлғалардың бір жолғы кәсіпкерлік қызмет көрсетуіне салынатын салыққа бір жолдық талон құнын бекіту туралы" N 156 шешімнің күші жойылды деп танылсын. (Мемлекеттік тіркеу тізіміне 2006 жылдың 20 наурызда N 3-11-24 рет **с а н ы м е н** **т і р к е л г е н**).

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:*

К. Қазмағамбетов

Аудандық мәслихат

хатшысы:

Б. Бисекенов

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы сессиясының N 112 шешіміне қосымша

Ойыл ауданы бойынша бір жолғы талонмен жұмыс жасайтын жеке тұлғаларға берілетін талондардың құны

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2009.07.17 № 147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) шешімімен.

| № | Кәсіп түрлері | 1 күнге талон құны (теңге) |
|----|---|----------------------------|
| 1. | газет және журналдар сату – | 43 |
| | тұқымдар, көкөніс өсімдіктерін сату – | 55 |
| | бау-бақша өнімдерін қолдан сату – | 76 |
| | машинадан сату – | 327 |
| | тірі гүлдер сату – | 55 |
| | қосалқы ауыл-шаруашылығы және саяжайлық учаскелері өнімдерін сату - | 87 |
| 2. | Жеке иелігінде тракторы бар тұлғалардың жер учаскелерін өңдеу бойынша қызметі - | 465 |
| 3. | Үй жануарлары мен құстарды жаю - | 55 |
| 4. | Жануарлар мен құстарға арналған дайын жем шөп сату - | 435 |
| 5. | Сыпырғылар, орман жидектері және балық сату - | 109 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК